

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Түркістан қаласы

«_» _____ 2025 жыл

Осы Ынтымақтастық және келісім туралы меморандум (бұдан әрі – Меморандум) «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі (бұдан әрі – Қорық-музей), атынан директорының міндетін атқарушы **Н.Дүкенбаев** және Түркістан облысының туризм басқармасы (бұдан әрі – Басқарма), атынан басқарма басшысы **Н.Медеуов**, бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, төмендегілер туралы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа қол жеткізді.

1. Меморандумның мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты Түркістан облысының туристік әлеуетін дамыту және облыс аумағында жұмыс істейтін ресми тіркелген гид-экскурсоводтардың кәсіби қызметін қолдау мақсатында «Әзірет-Сұлтан» қорық-музейіне тегін кіру мүмкіндігін беру бойынша өзара ынтымақтастық орнату.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара әрекеттесуге келісті:

1. Қорық-музей облыстық туризм реестрінде тіркелген гид-экскурсоводтарға тегін кіру билетін (жеке рұқсатнама түрінде) береді;
2. Басқарма гид-экскурсоводтардың актуалды реестрін жыл сайын жаңартып, Қорық-музейге ресми түрде ұсынады;
3. Қорық-музей гидтерге арналған ақпараттық және танымдық турлар, оқу семинарлары ұйымдастыруға жағдай жасайды;
4. Тараптар туристік сервистің сапасын арттыру, экскурсиялық қызметті дамыту, келушілерге сапалы ақпарат беру бағытында бірлесіп жұмыс жүргізеді.

5.

3. Тараптардың міндеттемелері

Қорық-музей:

- Реестрде тіркелген гид-экскурсоводтарға тегін кіру билетін рәсімдейді;
- Гидтерге арналған кіру тәртібі мен ішкі ережелерді бекітеді;

Туристік бағыттар бойынша ақпаратпен және материалдармен қамтамасыз етеді.

Басқарма:

Облыстық гидтер реестрін қалыптастырады және жаңартып отырады;

Қорық-музейге ресми хат арқылы тізімді ұсынады;

Туризм саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды бірлесе өткізеді.

4. Меморандумның қолданылу мерзімі

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 1 (бір) жыл мерзімге жарамды.

Мерзімі аяқталған соң, Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.


5. Өзгерістер мен толықтырулар

Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі негізінде енгізіледі және ол осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Қорытынды ережелер

Осы Меморандум Тараптардың өзара түсіністігін білдіреді және заңдық міндеттемелер жүктемейді, алайда Тараптар келісілген бағыттарда белсенді өзара іс-қимыл жасауға ұмтылады.

7. Тараптардың реквизиттері мен қолдары

<p>«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әмір Темір 53А Тел./факс: 8 (72533) 3-23-00 E-mail: azret-sultan@mail.ru Директор м.а. <u>Н.Дүкенбаев</u> (қолы) </p>	<p>Түркістан облысының туризм басқармасы Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимараты Тел./факс: 8 (72533) 5-95-28 E-mail: n.danabaevich@ontustik.gov.kz Басқарма басшысы <u>Н.Медеуов</u> (қолы) </p>
--	---

М.О.

М.О.